

Тіркеу № 49
«29» наурыз 2016 жыл

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2016 жылғы 29 ақпандағы №77
қаулысымен бекітілді

**«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының
Директорлар кеңесі туралы ереже**

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы жалғыз акционерінің шешімімен енгізілген өзгерістер мен толықтырулар (күні, нөмірі):

№	Өзгерістер, толықтырулар енгізілді	Бекітілген күні	№	тіркеу №
1	Жалғыз акционерінің шешімімен	«02» қараша 2017 ж.	№ 198	тіркеу №13
2	Жалғыз акционерінің шешімімен	«22» ақпан 2021 ж.	№ 13	тіркеу № 9
3	Жалғыз акционерінің шешімімен	«19» желтоқсан 2022 ж.	№ 124	тіркеу № 1
4	Жалғыз акционерінің шешімімен	«23» қазан 2023 ж.	№ 83	тіркеу №164

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы жалғыз акционерінің «____» _____ 201__ ж. № _____ шешімімен күші жойылды деп танылды.

1-тарау. Жалпы ережелер

1-тарау Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 02.11.2015 ж. № 198 қаулысымен бекітілген Акционерлік зейнетақы қорының Директорлар кеңесі туралы Ережеге өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес 6-1) тармақшамен толықтырылды.

7-тармақтың 1) тармақшасы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 22.02.2021 ж. №13 қаулысымен бекітілген Акционерлік зейнетақы қорының директорлар кеңесі туралы Ережеге өзгерістерге сәйкес редакцияда жазылған.

8-тармақтың 4) тармақшасы және 9-тармақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 19.12.2022 ж. №124 қаулысымен бекітілген "Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры" акционерлік қоғамының Директорлар кеңесі туралы ережеге өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес редакцияда жазылды.

8-тармақтың 4) тармақшасы және 9-тармақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 19.12.2022 ж. №124 қаулысымен бекітілген "Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры" акционерлік қоғамының Директорлар кеңесі туралы ережеге өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес редакцияда жазылды.

1-тармақ және 8-тармақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 23.10.2023 ж. № 83 қаулысымен бекітілген «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесі туралы ережеге өзгерістерге сәйкес баяндалды.

1. Осы «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесі туралы ереже (бұдан әрі - Ереже) Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексіне, Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» (бұдан әрі – АҚ туралы заң), «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының заңдарына, «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының Жарғысына (бұдан әрі - Жарғы) және «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының Корпоративтік басқару кодексіне (бұдан әрі - Кодекс) сәйкес әзірленді.

2. Осы Ереже Директорлар кеңесінің негізгі мақсаттары мен қызметтерін, құрылу тәртібін, мәртебесі мен құрамын, Директорлар кеңесі мүшелерінің құқықтарын, міндеттері мен жауапкершіліктерін, Директорлар кеңесі жұмысының ұйымдастырылуын және оның «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының (бұдан әрі - Қор) жалғыз акционерімен (бұдан әрі - Акционер) және Басқармасымен өзара әрекетін айқындайды.

3. Өз қызметінде Қордың Директорлар кеңесі Қазақстан Республикасының заңнамасын, Қор Жарғысын, Кодексін, осы Ережені және басқа ішкі құжаттарды басшылыққа алады.

4. Қордың Директорлар кеңесі мүшелерінің Қормен қарым-қатынасы Қазақстан Республикасы заңнамасына, Қор Жарғысына, Кодексіне және басқа ішкі құжаттарына негізделеді, сонымен қатар тәуелсіз директорлар бойынша Қор атынан Қордың Директорлар кеңесінің төрағасы қол қоятын азаматтық-құқықтық шарттармен реттеледі.

5. Директорлар кеңесі Қор акционерінің айрықша құзыретіне АҚ туралы заңмен және Қор жарғысымен жатқызылатын мәселелерді қоспағанда, Қор қызметін жалпы басқаратын, сонымен қатар өз құзыретінің шегінде Қор Басқармасының қызметін бақылайтын Қордың басқару органы болып табылады.

6. Қордың Директорлар кеңесі Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қордың Жарғысына сәйкес Қордың Директорлар кеңесінің құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешім қабылдауға өкілетті.

6-1. Қордың Директорлар кеңесі Қордың Жарғысына сәйкес Қор Басқармасының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға, сондай-ақ Қор Акционерінің шешімдеріне қайшы келетін шешімдер қабылдауға құқығы жоқ.

7. Қордың директорлар кеңесі:

1) мәмілелер жасасу кезінде мүдделердің әлеуетті қақтығыстарын лауазымды тұлғалар мен Акционер деңгейінде, оның ішінде Қордың меншігін заңсыз пайдалануды және заңсыздықтарды қадағалауға және мүмкіндігінше жоюға;

2) Қордағы корпоративтік басқару тәжірибесінің тиімділігін бақылауды жүзеге асыруға тиіс.

8. Жеке тұлға ғана Қордың Директорлар кеңесінің мүшесі бола алады. Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын ескере отырып, Қордың Директорлар кеңесінің құрамы:

1) Қордың Директорлар кеңесіне Акционердің өкілдері ретінде сайлауға ұсынылған (ұсыным берілген) адамдар;

2) Қордың акционері болып табылмайтын және Қордың Директорлар кеңесіне акционердің өкілі ретінде сайлауға ұсынылмаған (ұсыным берілмеген) жеке адамдар;

3) мемлекеттік мүлік бойынша уәкілетті органның өкілі;

4) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі өкілі арасынан құралады.

5) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес халықты әлеуметтік қорғау саласында басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы органның өкілі арасынан құралады.

9. Акционер Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін белгілейді, оның мүшелерін сайлайды (қайта сайлайды) және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатады, сондай-ақ Директорлар кеңесінің мүшелері өз міндеттерін атқарғаны үшін оларға сыйақы төлеудің және шығыстарын өтеудің мөлшері мен талаптарын айқындайды.

10. Қордың Директорлар кеңесі мүшелерінің саны үш адамнан кем болмауы тиіс. Қордың Директорлар кеңесі құрамының кем дегенде отыз пайызы тәуелсіз директорлар болуы қажет.

11. Қордың Директорлар кеңесі өкілеттігінің мерзімі Қордың жаңа Директорлар кеңесі сайланған сәтте аяқталады

12. Басқарма төрағасын қоспағанда, оның басқа мүшелері Қордың Директорлар кеңесіне сайлана алмайды. Басқарма Төрағасы Қордың Директорлар кеңесінің төрағасы, сонымен қатар Қордың Директорлар кеңесі комитетінің төрағасы болып сайлана алмайды.

2-тарау. Қордың Директорлар кеңесінің мақсаты, қызметінің қағидаттары және қызметі

2-тарау Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 02.11.2015 ж. № 198 қаулысымен бекітілген Акционерлік зейнетақы қорының Директорлар кеңесі туралы Ережеге өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес 15-1) тармақшамен толықтырылды.

16-тармақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 02.11.2017 ж. № 198 қаулысымен бекітілген Акционерлік зейнетақы қорының директорлар кеңесі туралы Ережеге өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес редакцияда жазылған.

15-1) тармақтың екінші бөлігі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 22.02.2021 ж. №13 қаулысымен бекітілген Акционерлік зейнетақы қорының директорлар кеңесі туралы Ережеге өзгерістерге сәйкес редакцияда жазылған.

13-тармақтың 1)-тармақшасы, 14-тармақтың 4)-тармақшасы, 15-1-тармақтың 1)-тармақшасы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 23.10.2023 ж. № 83 қаулысымен бекітілген «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесі туралы ережеге өзгерістерге сәйкес редакцияда баяндалды.

13. Қордың Директорлар кеңесі қызметінің негізгі мақсаттары:

1) Акционердің және міндетті зейнетақы жарналары салымшыларының, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, ерікті зейнетақы жарналары аударылған жеке тұлғалардың, зейнетақы төлемдерін алушылардың мүдделерін іске асыруды қамтамасыз ету және құқықтарын қорғау;

2) Қор қызметінің қағидаттары мен нормаларын белгілеу;

3) өз құзыретінің шегінде Қор Басқармасының қызметін бақылау және Қор қызметін оның құрылу мақсатына қарай сәйкестендіруді жүзеге асыру болып табылады.

14. Қызметтің негізгі мақсаттарын іске асыру үшін Қордың Директорлар кеңесі келесідей қағидаттарды:

1) Қор қызметі туралы нақты және толық ақпаратты пайдалана отырып, мәселелерді алқалы және ойласып талқылау негізінде шешімдерді қабылдауды;

2) Акционердің Қорды басқару, Акционердің Қор туралы ақпаратты алуына қатысуға Акционердің заңды мүдделері мен құқықтарының шектелуіне жол бермеуді;

3) Қордың Директорлар кеңесінің Қор Акционерінің мүддесіне орай барынша нақты шешімдерді қабылдауды;

4) міндетті зейнетақы жарналары салымшыларының, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, ерікті зейнетақы жарналары аударылған жеке тұлғалардың, зейнетақы төлемдерін алушылардың құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамтасыз етуді;

5) Жарғы мен Кодексте баяндалған басқа қағидаттарды басшылыққа алады.

15. Қордың Директорлар кеңесінің негізгі қызметіне:

1) Қордың нарықтағы ахуалы, қаржылық жағдайы және қаржы-шаруашылық қызметіне ықпал ететін басқа да факторлары ескерілген басым бағыттармен бекітілген бағдардың нақты бағалануы;

2) тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау аясында Қордың ішкі қызметін реттейтін Қордың ішкі ресімдерін бекіту, сонымен қатар осындай ресімдердің тиімділігін талдау және жетілдіру;

3) корпоративтік дауларды шешу жатады.

15-1. Қордың Директорлар кеңесі өз қызметін жүзеге асыру үшін:

1) тәуекелдерді басқаруды жүзеге асыратын Қор бөлімшесінен тәуекелдерді басқару жүйесінің талаптарын сақтау (пайдалану) туралы ақпаратты, оның ішінде Қордың меншікті активтері бойынша тәуекел-сыйымдылық деңгейін сақтау мониторингінің нәтижелерін - тоқсан сайынғы негізде және тәуекелдер картасын, тәуекелдер тізілімін, тәуекелдерге ден қою (тәуекелдерді азайту) жөніндегі іс-шаралар жоспарын, тәуекел-сыйымдылық пен тәуекелге төзімділіктің жиынтық деңгейлерін - жыл сайынғы негізде Қордың ішкі құжаттарында белгіленген нысандар бойынша;

2) Қордың бюджетті талдау және жоспарлауды жүзеге асыратын бөлімшесінен өткен есепті кезең үшін сол кезеңмен салыстырғандағы және қызметінің жоспарланған көрсеткіштерімен Қордың операциялық (ағымдағы) қызметінің ағымдағы нәтижелері туралы есептерді – тоқсан сайынғы негізде;

3) Қордың Ішкі аудит қызметінен Қор қызметін жақсарту бойынша орын алған кемшіліктер мен ұсынымдар туралы қорытынды қамтылған тексеру нәтижесі бойынша есептерді – есептердің дайындалуына қарай алады.

Директорлар кеңесі Ішкі аудит қызметінің есептерін талдайды және өз шешімі арқылы Ішкі аудит қызметі анықтаған жөнсіздіктерге Қордың кейінгі қызметінде жол бермеу бойынша шаралар қолданады;

4) Қор Басқармасынан Қор қызметін жақсарту бойынша ішкі аудит қызметі ұсынымдарының орындалуын бақылау нәтижелері туралы есепті – тоқсан сайынғы негізде алады.

Директорлар кеңесіне берілетін ақпарат Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібіне енгізіледі немесе Қор Басқармасы Төрағасының не оның орнындағы адамның қолымен расталған ілеспе хатпен Директорлар кеңесінің мүшелеріне жіберіледі.

16. Қордың Директорлар кеңесінің құзыреті Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қордың Жарғысында айқындалған.

17. Қордың Директорлар кеңесінің мүшесі өзіне Қазақстан Республикасы заңнамасына және(немесе) Қордың Жарғысына сәйкес жүктелген қызметтерін басқа тұлғаларға беруге құқылы емес.

3-тарау. Қордың Директорлар кеңесінің мүшесіне қойылатын талаптар

18-тармақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 02.11.2017 ж. № 198 қаулысымен бекітілген Акционерлік зейнетақы қорының директорлар кеңесі туралы Ережеге өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес редакцияда жазылған.

22-тармақтың екінші сөйлемі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 22.02.2021 ж. №13 қаулысымен бекітілген Акционерлік зейнетақы қорының директорлар кеңесі туралы Ережеге өзгерістерге сәйкес редакцияда жазылған.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 19.12.2022 ж. №124 қаулысымен бекітілген "Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры" акционерлік қоғамының Директорлар кеңесі туралы ережеге енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес 19, 20-тармақтары және 24-тармақтың 2) - тармақшасы жаңа редакцияда жазылды, 20-1 және 20-2-тармақтар толықтырылды.

19-тармақтың бірінші бөлігі, 20-2-тармақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 23.10.2023 ж. № 83 қаулысымен бекітілген «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесі туралы ережеге өзгерістерге сәйкес редакцияда баяндалды.

18. Қордың Директорлар кеңесінің құрамына сайланатын тұлғаларға қойылатын талаптар Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қор Жарғысында белгіленеді.

19. Директорлар кеңесі мүшесінің лауазымына кандидаттың қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның (бұдан әрі – уәкілетті орган) келісімінсіз тиісті функцияларды жүзеге асыруға құқығы жоқ.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде белгіленген тыйым тәуелсіз директор болып табылатын, Директорлар кеңесінің басшысы немесе мүшесі лауазымына сайланған адамға қолданылмайды, ол сайланған күннен бастап күнтізбелік алпыс күннен аспайтын мерзімде уәкілетті органның келісімінсіз тиісті функцияларды жүзеге асыруға құқылы.

1. Қордың Директорлар кеңесінің мүшелері үш жылдан аспайтын мерзімге сайланады, кейіннен қызметтің қанағаттанарлық нәтижелері болған жағдайда тағы үш жылға дейінгі мерзімге қайта сайлауға жол беріледі.

20-1. Қордың Директорлар кеңесінің құрамына қатарынан алты жылдан астам мерзімге сайланудың кез келген мерзімі Директорлар кеңесінің құрамын сапалы жаңарту қажеттілігі ескеріле отырып ерекше қаралуға тиіс.

20-2. Бір адам тоғыз жылдан аса қатарынан Қордың Директорлар кеңесіне сайлана алмайды. Ерекше жағдайларда тоғыз жылдан астам мерзімге сайлауға жол беріледі, бұл ретте мұндай адамды Қоғамның Директорлар кеңесіне сайлау жыл сайын немесе Қор Акционері айқындаған өзге де мерзімде Директорлар кеңесінің осы мүшесін сайлау қажеттілігін және осы фактордың шешімдер қабылдаудың тәуелсіздігіне әсерін егжей-тегжейлі түсіндіре отырып жүргізіледі.

Ешбір тұлға өзінің тағайындалуына, сайлануына және қайта сайлануына байланысты шешімдер қабылдауға қатыспайды.

2. Акционер Қордың Директорлар кеңесінің, сонымен қатар Қордың Директорлар кеңесінің жекелеген мүшелерінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы.

3. Қордың Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігін өз бастамасы бойынша мерзімінен бұрын тоқтату Қордың Директорлар кеңесінің жазбаша хабарламасы негізінде жүзеге асырылады. Қордың Директорлар кеңесінің осындай мүшесінің өкілеттігі, егер хабарламада Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату күні көрсетілмесе, Қордың Директорлар кеңесі аталған хабарламаны алған кезден бастап тоқтатылады.

4. Қордың Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда, Қордың Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлау акционер арқылы жүзеге асырылады, бұл орайда Қордың Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшесінің өкілеттігі тұтас алғанда Қордың Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімінің өтуімен бір уақытта аяқталады.

5. Қордың Директорлар кеңесінің мүшелері Қордың ішкі құжаттарында көзделген мүдделер дауына қатысты:

1) Жеке немесе заңды тұлғалардан сыйлықтар, қызметтер немесе ресми іс-шараларды өткізу кезінде кәдесыйларды немесе сыпайылықтың жалпылама қабылданған қағидаларына сәйкес символикалық сыпайылық белгілерін қоспағанда, Қордың Директорлар кеңесі мүшесінің өз лауазымдық дәрежесі аясында қабылданған немесе жасалған шешімдер мен іс-әрекеттері үшін сыйақы болып табылатын немесе қаралуы мүмкін қандай да бір басымдықтарды алмау;

2) Қордың Директорлар кеңесі мүшесінің міндеттерін орындауға байланысты өзіне мәлім болған конфиденциалды және өзге де ақпаратты осындай ақпаратқа рұқсаты жоқ адамдарға жария етпеуі, сондай-ақ оны Қордың Директорлар кеңесі мүшесінің міндеттерін орындау кезеңінде және Қорда жұмысы аяқталғаннан кейінгі 5 (бес) жыл ішінде өзінің мүддесі немесе үшінші тұлғалардың мүддесі үшін пайдаланбауы;

3) Қордың қауіпсіздік режимімен және құпия ақпаратын сақтаумен байланысты Қордың ішкі құжаттарында көзделген барлық қағидалар мен рәсімдерді сақтаулары қажет.

4-тарау. Қордың Директорлар кеңесі мүшесінің құқықтары

6. Қордың Директорлар кеңесінің мүшесі:

1) Қордың Директорлар кеңесінің төрағасына Қордың Директорлар кеңесі отырысының ұсынылатын күн тәртібі қамтылған жазбаша хабарламаны жіберу арқылы Қордың Директорлар кеңесінің отырысын шақыруды талап етуге;

2) Қордың Директорлар кеңесі қарастыратын күн тәртібіндегі мәселелер бойынша өз пікірін айтуға (Қордың Директорлар кеңесі қабылдаған шешіммен келіспеген жағдайда, Қордың Директорлар кеңесінің мүшесі өзінің көзқарасын (ерекше пікірін) жазбаша нысанда білдіруге құқылы);

3) Қордың Директорлар кеңесі отырысының хаттамасына күн тәртібіндегі мәселелер мен қабылдаған шешімдер бойынша өзінің ерекше пікірін енгізуді талап етуге;

4) Қордың Директорлар кеңесіне жазбаша хабарлама жіберу арқылы өз өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуға;

5) сыйақы алуға (Акционердің шешіміне сәйкес Қордың Директорлар кеңесінің мүшесі Қордың Директорлар кеңесіндегі жұмысы үшін сыйақы алатын болса);

6) кезек күттірмейтін шешімдерді қабылдау үшін Қордың Директорлар кеңесінің отырысын өткізуге бастамашылық етуге;

7) Қазақстан Республикасы заңнамасында, Қордың Жарғысы, Кодексі және басқа да ішкі құжаттарында көзделген басқа да құқықтарға құқылы.

5-тарау. Қордың Директорлар кеңесі мүшесінің міндеттері

26-тармақтың 2) -тармақшасы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 19.12.2022 ж. №124 қаулысымен бекітілген "Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры" акционерлік қоғамының Директорлар кеңесі туралы ережеге өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес редакцияда жазылды.

26-тармақтың 1)-тармақшасы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 23.10.2023 ж. № 83 қаулысымен бекітілген «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесі туралы ережеге өзгерістерге сәйкес редакцияда баяндалды.

7. Қордың Директорлар кеңесінің мүшесі:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында, Жарғыда, Кодексте және Ережеде қамтылған талаптарды, Акционердің, міндетті зейнетақы жарналары салымшыларының, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, ерікті

зейнетақы жарналары аударылған жеке тұлғалардың, зейнетақы төлемдерін алушылардың және тұтастай Қордың мүддесіне қарай іскерлік әдеп қағидалары мен қағидаларын сақтауға

2) Қордың Директорлар кеңесі мүшесінің міндеттерін орындауға байланысты өзіне мәлім болған Қор туралы ақпараттың конфиденциалдылығын, оның ішінде Қордың Директорлар кеңесі мүшесінің міндеттерін жүзеге асыру тоқтатылған сәттен бастап 5 (бес) жыл ішінде сақтауға;

3) Қор жағдайын мониторингілеуге және Қордың басқа органдары және лауазымды тұлғаларымен тұрақты байланысты үзбеуге;

4) өздері мүшелері болып табылатын Қордың Директорлар кеңесі комитеттерінің отырыстары мен жұмысына қатысуға және қарастырылатын мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға;

5) Қор Басқармасына өзінің болмау себебін көрсете отырып Қордың Директорлар кеңесінің отырысына қатыса алмау мүмкіндігі туралы алдын ала хабарлауға;

6) Қордың және Акционердің мүддесіне орай хабардар, ашық болу негізінде Қазақстан Республикасы заңнамасының, Қор Жарғысының және ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес әрекет етуге;

7) Қазақстан Республикасы заңнамасында және Қордың ішкі құжаттарында көзделген басқа да міндеттерді орындауға міндетті.

8. Тәуелсіз директор:

1) корпоративтік мәселелер бойынша объективті тәуелсіз пайымдаулар беруге міндетті;

2) тәуелсіздігінен айыратын іс-әрекеттерден қалыс қалуға міндетті. Егер тәуелсіз директор жағдайлардың өзгеруі нәтижесінде тәуелсіз болудан қалса, ол 2 (екі) жұмыс күн ішінде бұл туралы Қордың Директорлар кеңесіне жазбаша хабарлауы қажет.

6-тарау. Қордың Директорлар кеңесінің төрағасы

28-тармақтың екінші бөлігі және 29-тармақ жаңа редакцияда жазылды, 28-тармақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 19.12.2022 ж. №124 қаулысымен бекітілген "Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры" акционерлік қоғамының Директорлар кеңесі туралы ережеге енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес үшінші бөлікпен толықтырылды.

9. Қордың Директорлар кеңесінің төрағасы Қордың директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен жасырын дауыс беру арқылы оның мүшелері арасынан сайланады.

Тізбесін уәкілетті орган белгілейтін халықаралық қаржы ұйымдарында; және (немесе) қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау саласында; және (немесе) қаржылық қызметтер көрсету саласында; және (немесе) қаржы ұйымдарына аудит жүргізу бойынша; және (немесе) экономика және қаржы саласында реттеу мен бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдарда; және (немесе) қаржы ұйымдарына аудит жүргізу бойынша қызметтерді реттеу саласында; және (немесе) қаржы ұйымдарының қызметін автоматтандыру үшін пайдаланылатын бағдарламалық амтылымды әзірлеу саласында; және (немесе) осы тармақта тізбелеп көрсетілген салаларда қызметін жүзеге асыратын шетелдік заңды тұлғаларда бес жылдық жұмыс өтілі, оның ішінде басқарушы лауазымында кемінде екі жылдық жұмыс өтілі болмаған адам Қордың Директорлар кеңесінің Төрағасы болып сайлана алмайды.

Қордың Директорлар кеңесі Төрағасының лауазымына үміткер болып табылатын Қазақстан Республикасы Үкіметінің мүшесі, Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органы басшысының орынбасары үшін осы тармақта көзделген еңбек өтілі талап етілмейді.

10. Директорлар кеңесінің Төрағасы Қазақстан Республикасының заңнамасында, Қордың Жарғысында және ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады;

2) Директорлар кеңесінің отырыстарын жоспарлайды, күн тәртібін қалыптастырады және бекітеді, Директорлар кеңесінің отырыстарын шақырады және оларға төрағалық етеді, Директорлар кеңесінің отырыстарын жүргізеді;

3) Директорлар кеңесінің стратегиялық мәселелерді қарауға және Директорлар кеңесінің қарауына жататын ағымдағы (операциялық) сипаттағы мәселелерді барынша азайтуға назар аударуын қамтамасыз етеді;

4) талқылауға жеткілікті уақыт бөлу, күн тәртібіндегі мәселелерді жан-жақты және кеңінен қарау, ашық талқылауларды ынталандыру, келісілген шешімдерге қол жеткізу арқылы Директорлар кеңесінің отырыстарын өткізудің нәтижелілігін қамтамасыз етеді;

5) Директорлар кеңесі отырысының хаттамасына және Директорлар кеңесі сырттай дауыс беру арқылы қабылдаған шешімге қол қояды;

6) негізгі стратегиялық шешімдер қабылдау кезінде консультациялар ұйымдастыруды қамтитын Акционермен тиісті тиісті қарым-қатынас орнатады және өзара іс-қимыл жасайды;

7) Директорлар кеңесі мен Акционердің қабылдаған шешімдердің тиісінше орындалуына мониторингті және қадағалауды қамтамасыз етеді;

8) корпоративтік қақтығыстар туындаған жағдайда оларды шешу және Қордың қызметіне теріс ықпалын азайту шараларын қабылдайды және мұндай жағдайларды өз күшімен шешу мүмкін болмаған жағдайда Акционерге уақтылы хабарлайды;

9) Қордың атынан материалдық көтермелеу мен жауапкершіліктің қызмет нәтижелеріне және Қордың даму жоспарының көрсеткіштерін орындауға тәуелділігін көздейтін Басқарма Төрағасымен еңбек шартын жасайды;

10) Қордың Директорлар кеңесінің өз функцияларын орындау тиімділігін, оның ішінде отырыстардың жүйелілігі мен жиілігін бақылайды;

11) Қордан (не корпоративтік хатшыдан) Қордың Директорлар кеңесінің негізделген шешімдер қабылдауы үшін қажетті толық және өзекті ақпаратты Директорлар кеңесінің мүшелеріне уақтылы ұсынуын талап етеді;

12) жалпы Директорлар кеңесінің қызметін жыл сайынғы бағалауды, сондай-ақ Қордың Директорлар кеңесінің әрбір мүшесін жеке бағалауды бақылайды.

11. Қордың Директорлар кеңесінің төрағасы жоқ болған жағдайда, оның міндеттерін отырысқа қатысқан Қордың Директорлар кеңесі мүшелерінің көпшілік дауысы бойынша қабылданған Қордың Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Қордың Директорлар кеңесі мүшелерінің бірі жүзеге асырады.

7-тарау. Қордың Директорлар кеңесінің отырыстарын өткізу тәртібі

32-тармақтың екінші сөйлемі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 22.02.2021 ж. №13 қаулысымен бекітілген Акционерлік зейнетақы қорының директорлар кеңесі туралы Ережеге өзгерістерге сәйкес алып тасталсын.

31 және 36-тармақтар Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 19.12.2022 ж. №124 қаулысымен бекітілген "Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры" акционерлік қоғамының Директорлар кеңесі туралы ережеге өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес редакцияда жазылды.

12. Қордың Директорлар кеңесінің отырыстары осы Ережеге 1-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша күнтізбелік жыл басталғанға дейін Директорлар кеңесі бекітетін жұмыс жоспарына сәйкес тұрақты (жылына кемінде алты отырыс) өткізіледі. Қажет болған жағдайда Қордың Директорлар кеңесі оның жұмыс жоспарына енгізілмеген мәселелерді қарауға құқылы.

13. Қордың Директорлар кеңесінің отырысы жүзбе-жүз немесе сырттай нысанда өтеді. **Сырттай дауыс беру отырысқа қатысып отырған Қордың Директорлар кеңесі мүшелерінің дауыс беруі арқылы (аралас дауыс) жүргізіледі.**

14. Қордың Директорлар кеңесінің шешімі оның қарауына шығарылған мәселелер бойынша сырттай дауыс беру арқылы қабылданады.

15. Белгіленген мерзімде алынған бюллетеньдерде кворум болған ретте шешім сырттай дауыс беру арқылы қабылданды деп танылады.

16. Қордың Директорлар кеңесінің жүзбе-жүз отырысының нысаны Қор қызметінің негізгі мәселелері бойынша мәселелерді қарау және шешімдерді қабылдау кезінде өткізіледі. Қордың Директорлар кеңесінің мүшелері жүзбе-жүз өткізілетін Қордың Директорлар кеңесінің отырысына телефон немесе басқа байланыс құралы арқылы отырысқа қатысушылардың барлығына естуге және бір-бірімен сөйлесуге мүмкіндік беретін конференц-байланысының көмегімен қатыса алады. Осындай түрде қатысып отырған тұлға отырысқа өзі қатысқан болып саналады және Қор Жарғысына сәйкес кворумды анықтау кезінде дауыс беруге және есептеуге құқығы бар.

17. **Стратегиялық мәселелер бойынша шешімдер қабылдау кезінде, Қордың Директорлар кеңесінің жаңа Төрағасын сайлау кезінде, сондай-ақ Қордың Директорлар кеңесі айқындайтын өзге де мәселелер бойынша Қордың Директорлар кеңесінің сырттай дауыс беруін өткізуге жол берілмейді.**

18. Қордың Директорлар кеңесі жаңа құрамының бірінші отырысының күн тәртібіне міндетті түрде:

- 1) Қордың Директорлар кеңесінің төрағасын сайлау туралы;
- 2) Қордың Директорлар кеңесінің комитеттерін құру туралы мәселелер енгізілуі керек.

19. Қордың Директорлар кеңесінің отырысы оның Төрағасының немесе Басқармасының ықтияры бойынша немесе:

- 1) Қордың Директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің;
- 2) Қордың ішкі аудит қызметінің;
- 3) Қорға аудит жүргізетін аудиторлық ұйымның;
- 4) Акционердің талабы бойынша шақырылады.

20. Қордың Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы талап Қордың Директорлар кеңесінің төрағасына тиісті жазбаша хабарлама жіберу арқылы қойылады.

21. Қордың Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы талапта:

- 1) бастамашының тегі, аты, әкесінің аты не Қор органының немесе Қордың Директорлар кеңесін шақыру туралы талапты қойған заңды тұлғаның атауы;
- 2) отырыстың күн тәртібі;
- 3) күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар;
- 4) талапқа қол қойған тұлғаның өкілеттігін растайтын сенімхат, хаттама немесе өзге де құжаттар (егер отырысты Қор аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйым шақыртатын болса) қамтылуы қажет.

Шақыру туралы талапта бастамашының қалауы бойынша басқа да ақпарат, соның ішінде күн тәртібіндегі мәселелер бойынша шешімдердің жобалары да қамтылуы мүмкін (күн тәртібіндегі мәселелер бойынша түсіндірме жазбаларда).

22. Қордың Директорлар кеңесі төрағасының тек:

- 1) отырысты шақыру туралы талап Қазақстан Республикасы заңнамасының, Қор Жарғысының және осы ереженің талаптарына сәйкес келмейтін болса;
- 2) талап қойған тұлғаның Қордың Директорлар кеңесінің отырысын шақыртуға құқығы болмаса;

3) егер Қордың Директорлар кеңесінің қарауына ұсынылатын мәселелердің шешімдері Қордың Директорлар кеңесінің құзыретіне жатпайтын жағдайларды қоспағанда, Қордың Директорлар кеңесінің отырысын шақырудан бас тартуға құқығы жоқ.

23. Қордың Директорлар кеңесінің төрағасы отырысты шақыру туралы қойылған талапты 2 (екі) күнтізбелік күн ішінде қарауға және отырысты шақыру бастамашысына қабылданған шешім туралы хабарламаны шешім қабылданған күннен бастап 2 (екі) күнтізбелік күн ішінде жіберуге міндетті.

24. Қордың Директорлар кеңесінің төрағасы Қордың Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы талапты қанағаттандырған жағдайда, ол отырыстың өту нысанын белгілеуге және отырыстың ұсынылған күн тәртібін толықтыруға құқылы.

25. Қордың Директорлар кеңесінің төрағасы отырысты шақырудан бас тартқан жағдайда, бастамашы көрсетілген талаптарымен Қордың Директорлар кеңесі отырысын шақыруға міндетті Қордың Басқармасына жүгінуге құқылы.

26. Қордың Директорлар кеңесінің отырысы шақыру туралы талап түскен күннен бастап он күнтізбелік күннен кешіктірілмей, Қордың Директорлар кеңесінің төрағасымен немесе Басқармасымен шақырылуы тиіс.

27. Қордың Директорлар кеңесінің мұндай отырысы көрсетілген талапты қоюшыны міндетті түрде шақырту арқылы өткізіледі.

28. Қордың Директорлар кеңесі мүшесінің Қордың Директорлар кеңесінің отырысына қатыспауы отырыс хаттамасында көрсетіледі.

8-тарау. Қордың Директорлар кеңесінің отырысына материалдарды дайындау тәртібі

48-тармақтың 4) тармақшасы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 02.11.2015 ж. №198 қаулысымен бекітілген Акционерлік зейнетақы қорының директорлар кеңесі туралы Ережеге өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес редакцияда жазылған.

48-тармақтың 4) тармақшасы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 22.02.2021 ж. №13 қаулысымен бекітілген Акционерлік зейнетақы қорының директорлар кеңесі туралы Ережеге өзгерістерге сәйкес редакцияда жазылған.

29. Қор Басқармасы көтерген мәселелер бойынша Қордың Директорлар кеңесінің отырысына материалдарды дайындау Қордың тиісті құрылымдық бөлімшелерімен келесідей тәртіпте жүзеге асырылады:

1) Қордың Директорлар кеңесі шешімінің жобасы, осы ереженің 1-қосымшасына сай нысандағы оған қоса берілген түсіндірме жазба және Қордың Директорлар кеңесінің қарауына шығарылатын мәселе бойынша басқа да материалдар Қордың Басқарма төрағасының тапсырмасы бойынша аталған мәселенің бастамашысы болатын құрылымдық бөлімшемен дайындалады;

2) Қордың корпоративтік хатшысы Қордың Директорлар кеңесінің қарауына шығарылатын барлық материалдардың толық болуын тексереді және оларды мәлімет үшін Қордың Басқарма төрағасына жібереді;

3) Қордың Басқарма төрағасы бастамаға алған мәселе бойынша түсіндірме жазбаға қол қояды (Ішкі аудит қызметінің басшысы Ішкі аудит қызметіне қатысты мәселелер бойынша түсіндірме жазбаға қол қояды);

4) Корпоративтік хатшы Директорлар кеңесі Төрағасының шақыру туралы хаттағы бұрыштамасы немесе Қордың Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы Басқарма шешімінің негізінде Қордың Директорлар кеңесінің мүшелеріне күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдарды қоса бере отырып, Қордың Директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы жазбаша хабарламаны жібереді. Қордың Директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы хабарламада отырысты өткізу күні, уақыты және орны, оның күн тәртібі қамтылуға тиіс және

қағаз тасымалдағышта пошта не қолына тапсыру арқылы не сканерден өткізілген көшірмесі түрінде электрондық пошта арқылы жіберіледі. Күн тәртібіне енгізілген мәселелер дереу қарауды талап ететін және Директорлар кеңесінің мүшелеріне олар бойынша материалдарды ұсыну мерзімі Директорлар кеңесі Төрағасымен келісу бойынша қысқартылуы және кемінде күнтізбелік жеті күнді құрауы мүмкін жағдайларды қоспағанда, күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар Директорлар кеңесінің мүшелеріне отырыс өткізілетін күнге дейін кемінде күнтізбелік он күн бұрын ұсынылады.

30. Қордың Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібіндегі мәселелері бойынша материалдарға қойылатын талаптар:

1) Қордың Директорлар кеңесінің қарауына шығарылатын материалдарының әр парағына Қордың бастамашылық еткен құрылымдық бөлімшелерінің басшылары қол қояды;

2) Қордың Директорлар кеңесі шешімінің жобасына берілетін түсіндірме жазба үш беттен тұратын мәтіннен аспауы қажет;

3) Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібіне Директорлар кеңесінің жанында әрекет ететін комитеттердің құзыретіне қатысты мәселелер енгізілген жағдайда, міндетті тәртіпте Қордың Директорлар кеңесінің жанындағы комитеттің (тердің) қорытындысы беріледі;

4) Қордың Директорлар кеңесі шешімінің жобасына және түсіндірме жазбаға құзыретіне аталған мәселе енетін, мәселені қарауға бастамашы болған құрылымдық бөлімшелердің басшылары, сонымен қатар Қордың жоғарыда саналанған құрылымдық бөлімшелеріне жетекшілік ететін басшы қызметкерлері (Қордың Басқарма төрағасының орынбасары, басқарушы директорлар) қол қояды.

31. Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібіндегі мәселелері бойынша материалдар сканерленген көшірмелер күйінде электрондық пошта арқылы жіберіледі. Қордың Директорлар кеңесінің мүшелеріне күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдардың уақытында берілуі үшін жауапкершілік Қордың корпоративтік хатшысына жүктеледі.

32. Корпоративтік хатшы Қордың қызметін ұйымдастырушылық-техникалық жағынан қамтамасыз ететін құрылымдық бөлімшелермен бірлесе отырып, Қордың Директорлар кеңесінің отырысына ұйымдастырушылық дайындықты жүзеге асырады, Қордың Директорлар кеңесінің отырысын өкілетті өткізу үшін кворумды анықтайды.

33. Қордың Директорлар кеңесінің отырысын өкілетті өткізу үшін кворумды белгілеу тәртібі Қордың Жарғысында айқындалады.

34. Қордың Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі бір дауысқа ие. Қордың Директорлар кеңесінің шешімдері, егер Қазақстан Республикасы Заңында және Жарғыда өзгеше көзделмесе, Қордың Директорлар кеңесінің отырысқа қатысқан мүшелерінің көпшілік даусымен қабылданады. Қордың Директорлар кеңесінің мүшесі дауыс беру құқығын басқа тұлғаға, оның ішінде Қордың Директорлар кеңесінің басқа мүшесіне бере алмайды. Қордың Директорлар кеңесінің мүшелері өздері жоқ болған уақытта Қордың Директорлар кеңесінің қандай да бір отырысына қатысу үшін өкілін тағайындауға құқылы емес.

Дауыстар тең болған кезде Қордың Директорлар кеңесі төрағасының даусы шешуші болып табылады.

35. Қордың Директорлар кеңесінің мүшесі қабылданған шешіммен толықтай немесе жартылай келіспесе, ол өзінің келіспеушілігін жүзбе-жүз тәртіпте өткізілетін Қордың Директорлар кеңесі отырысының хаттамасында корпоративтік хатшы тіркейтін, дауыс беруге шығарылған мәселе бойынша ерекше пікір білдіру түрінде баяндауы қажет. Қордың Директорлар кеңесі сырттай дауыс беру арқылы шешім қабылдаған жағдайда Қордың Директорлар кеңесі мүшесінің ерекше пікірі жазбаша нысанда және бюллетенге қоса берілуі қажет.

36. Қордың Директорлар кеңесі тек оның мүшелері қатыса алатын жабық отырысты өткізу туралы шешімді қабылдауға құқылы. Бұл ретте, отырыс хатшысы Қордың Директорлар кеңесі мүшелерінің санынан сайланады.

9-тарау. Қордың Директорлар кеңесінің шешімдерін ресімдеу тәртібі

56, 58 және 61-тармақтар Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 22.02.2021 жылғы №13 қаулысымен бекітілген "Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры" акционерлік қоғамының Директорлар кеңесі туралы ережеге енгізілген өзгерістерге сәйкес жаңа редакцияда жазылды.

63-тармақтың екінші бөлігі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 19.12.2022 ж. №124 қаулысымен бекітілген "Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры" акционерлік қоғамының Директорлар кеңесі туралы ережеге өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес редакцияда жазылды.

37. Қордың Директорлар кеңесінің қатысу тәртібінде өткізілген отырысында қабылданған шешімдері хаттамамен ресімделеді, ол Ережеге 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қазақ және орыс тілдерінде жасалуға және отырыс өткізілген күннен бастап жеті күн ішінде отырыста төрағалық еткен адам және Қордың корпоративтік хатшысы қол қоюға тиіс.

38. Қордың Директорлар кеңесінің жүзбе-жүз отырысының хаттамасында:

- 1) Қор Басқармасының толық атауы мен орналасқан мекенжайы;
- 2) отырыстың өтетін күні, уақыты мен орны;
- 3) отырысқа қатысушы тұлғалар туралы мәліметтер;
- 4) отырыстың күн тәртібі;
- 5) дауыс беруге шығарылған мәселелер және Қордың Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша Қордың Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің дауыс беру нәтижелері көрсетілген дауыс беру қорытындылары;
- 6) қабылданған шешімдер;
- 7) Қордың Директорлар кеңесінің шешімі бойынша басқа да мәліметтер қамтылуы қажет.

39. Қордың Директорлар кеңесінің сырттай отырысының шешімі Ережеге 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қазақ және орыс тілдерінде жазбаша түрде ресімделуге және оған Қордың Директорлар кеңесінің Төрағасы мен Қордың корпоративтік хатшысы бюллетеньдерді қабылдау аяқталған күннен бастап жеті күн ішінде қол қоюға тиіс.

40. Қордың Директорлар кеңесінің сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешімінде:

- 1) сырттай дауыс беруге шығарылған мәселелер;
- 2) әр мәселе бойынша шешімдердің тұжырымдары;
- 3) Қордың Директорлар кеңесі мүшелерінің ерекше пікірлері;
- 4) әр мәселе бойынша дауыс берудің қорытындылары көрсетіледі.

41. Бюллетень осы Ереженің 4-қосымшасына сай нысанда жасалады және мыналарды қамтуы керек:

- 1) Қор Басқармасының толық атауы және орналасқан жері;
- 2) Қордың Директорлар кеңесін шақырудың бастамашысы туралы мәліметтер;
- 3) сырттай дауыс беру үшін бюллетендерді берудің соңғы күні;
- 4) Қордың Директорлар кеңесінің отырысын өткізу күнін не Қордың Директорлар кеңесінің отырысын өткізбей сырттай дауыс беру үшін дауыстарды санау күні;
- 5) Қордың Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібі;
- 6) егер Қордың Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібінде Қор Басқармасының Төрағасы мен мүшелерін сайлау туралы мәселелер болса, сайлануға ұсынылған кандидаттардың аты-жөндері;
- 7) дауыс беру өткізілетін мәселелер бойынша тұжырымдамалар;
- 8) күн тәртібіндегі әр мәселе бойынша «иә», «қарсы», «қалыс қалды» сөздері арқылы білдірілетін дауыс берудің нұсқалары;

9) күн тәртібіндегі мәселелер бойынша дауыс беру тәртібін (бюллетенді толтыру) түсіндіру.

42. Шешім ресімделген күннен бастап жиырма күн ішінде осы шешім негізінде қабылданған бюллетеньдердің көшірмелерін қоса бере отырып, ол Қордың Директорлар кеңесінің мүшелеріне жіберілуге тиіс.

43. Қордың корпоративтік хатшысы Қордың Директорлар кеңесі отырысының хаттамасының дұрыс құрылуы мен сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешімдердің дәйектілігіне жауапкершілікті болады.

44. Отырыстардың хаттамалары және сырттай дауыс беру арқылы Директорлар кеңесімен қабылданған шешімдер күнтізбелік жыл бойында Қордың корпоративтік хатшысында сақталады, жыл өткен бойда Қордың ішкі құжаттарына сәйкес мұрағатқа өткізіледі. Отырыстардың хаттамалары және сырттай дауыс беру арқылы Директорлар кеңесімен қабылданған шешімдерге күнтізбелік жылға реттік нөмірлер беріледі.

Қордың корпоративтік хатшысы Қордың Директорлар кеңесі мүшесінің талабы бойынша оған танысуы үшін Қордың Директорлар кеңесі хаттамасының (шешімінің) түпнұсқасын беруге және (немесе) Қордың уәкілетті қызметкерінің қойылған қолымен расталған хаттамадан және шешімнен үзінді-көшірмелерді беруге міндетті. Қордың мүдделі құрылымдық бөлімшелеріне Қордың Директорлар кеңесінің хаттамаларынан (шешімдерінен) үзінді-көшірмелер Қордың Корпоративтік хатшысының қойылған қолымен куәландырылған түрде беріледі. Қажет болған жағдайда Қордың корпоративтік хатшысы құрылымдық бөлімшенің қызметтік жазбасы негізінде Қордың бірінші басшысының қойылған қолымен және Қор мөрінің бедерімен расталған хаттамадан және шешімнен үзінді-көшірмелерді ұсына алады.

10-тарау. Қордың Директорлар кеңесінің комитеттері

45. Маңызды мәселелерді қарау және Директорлар кеңесіне ұсынымдарды дайындау үшін Қорда Қордың директорлар кеңесінің комитеттері:

- 1) стратегиялық жоспарлау;
- 2) кадрлар және сыйақы;
- 3) ішкі аудит;
- 4) әлеуметтік мәселелер бойынша құрылады.

Қордың ішкі құжаттарымен өзге мәселелер бойынша Директорлар кеңесінің комитеттері құрылуы көзделуі мүмкін.

46. Тәуелсіз директорлар Қордың Директорлар кеңесінің жоғарыда көрсетілген комитеттерінің төрағалары болып табылады.

47. Директорлар кеңесі комитеттерінің сандық құрамдары, қалыптастыру және жұмыс тәртібі, сондай-ақ Қордың Директорлар кеңесімен өзара әрекет ету рәсімдері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әзірленетін, Қордың Директорлар кеңесімен бекітілетін Қордың ішкі құжаттарымен белгіленеді.

11-тарау. Қордың Директорлар кеңесі мүшелерінің жауапкершілігі

48. Қордың Директорлар кеңесінің мүшелері, олардың әрекетінен және (немесе) әрекетсіздігінен келтірілген зиян және Қорға келтірген залал үшін Қор және оның Акционері алдында Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген жауапкершілікті атқарады.

12-тарау. Қордың Директорлар кеңесінің қызметін және оның мүшелерінің жұмысын бағалау

68, 69, 70, 71, 72 және 73-тармақтар Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 19.12.2022 ж. №124 қаулысымен бекітілген "Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры" акционерлік қоғамының Директорлар кеңесі туралы ережеге өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес редакцияда жазылды.

49. Директорлар кеңесі, оның комитеттері және Директорлар кеңесінің мүшелері жыл сайынғы негізде бағаланады. Бұл ретте бағалау кемінде үш жылда бір рет тәуелсіз кәсіби ұйымды тарта отырып жүргізіледі.

50. Бағалау Директорлар кеңесі мен оның жеке мүшелерінің кәсібилігін арттырудың негізгі құралдарының бірі болып табылады. Бағалау тәуелсіз директорлар үшін де, Акционердің өкілдері үшін де жүргізіледі.

Бағалау жүйелілік, кешенділік, үздіксіздік, шынайылық, конфиденциалдылық сияқты қағидаттар бойынша жүзеге асырылады.

Директорлар кеңесінің, оның комитеттерінің және Директорлар кеңесі мүшелерінің қызметіне бағалау жүргізу барысы, мерзімдері мен тәртібі Қордың ішкі құжаттарымен регламенттеледі.

51. Бағалауды Директорлар кеңесі кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитеттің тиісті бағасын ескере отырып, жыл сайынғы негізде жүргізеді. Өзін өзі бағалау немесе бағалау сапасын жақсарту үшін тәуелсіз кеңесшіні тарту бағалау әдістері болып табылады.

52. Бағалау нәтижелері Акционер үшін Директорлар кеңесінің бүкіл құрамын немесе оның жекелеген мүшесін қайта сайлауға, Директорлар кеңесінің құрамын және Директорлар кеңесінің мүшелеріне – тәуелсіз директорларға сыйақы мөлшерін қайта қарауға негіз болып табылады. Директорлар кеңесінің жекелеген мүшелері қызметінің нәтижелерінде елеулі кемшіліктер болған жағдайда, Директорлар кеңесінің Төрағасы Акционермен консультациялар өткізеді.

Директорлар кеңесі Директорлар кеңесінің есебінде Директорлар кеңесіне бағалау жүргізу тәсілін және оның нәтижелері бойынша қабылданған шараларды көрсетеді.

53. Акционер Директорлар кеңесіне өзіндік бағалауды дербес немесе тәуелсіз кеңесшіні тарта отырып жүргізе алады. Акционердің бағалауы кезінде Директорлар кеңесі жүргізген бағалау нәтижелері, Қор қызметінің нәтижелері, қызметтің негізгі көрсеткіштерінің орындалуы ескеріледі.

54. Директорлар кеңесі өткен жылдың қорытындысы бойынша Директорлар кеңесінің есебін ұсыну арқылы жыл сайын Акционердің алдында өз қызметі туралы есеп береді.

Директорлар кеңесінің есебінде мынадай ақпарат көрсетіледі, бірақ онымен шектелмейді:

- 1) есепті кезеңде жұмыс істеген Директорлар кеңесінің құрамы;
- 2) Директорлар кеңесі мен оның комитеттері отырыстарының саны, отырыстарының нысаны, сондай-ақ Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің өзі слардың құрамына кіретін Директорлар кеңесі мен комитеттің отырыстарына қатысуы;
- 3) Директорлар кеңесі шешімдер қабылдайтын мәселелер туралы толық ақпаратты қоса алғанда, Директорлар кеңесінің жұмысы туралы есеп;
- 4) Директорлар кеңесі комитеттерінің жұмысы туралы есеп, оның ішінде Директорлар кеңесінің комитеттердің жекелеген ұсыныстарын және (немесе) ұсынымдарын қабылдамау себептерін көрсетіледі;
- 5) Қордың тұрақты дамуы бойынша Директорлар кеңесі қабылдаған шаралар, тәуекелдің негізгі факторлары;
- 6) Директорлар кеңесіне бағалау жүргізу тәсілі және оның нәтижелері бойынша қабылданған шаралар;
- 7) Қор қызметінде елеулі маңызы бар өзге де ақпарат.

Қордың Директорлар кеңесінің есебін Корпоративтік хатшы жасайды, оған Қордың Директорлар кеңесінің Төрағасы қол қойып, Акционерге ұсынады және ол Қордың жылдық есебінің құрамына енгізіледі.

13-тарау. Қордың Директорлар кеңесінің мүшелерінің міндеттерін атқарғаны үшін сыйақы және шығыстардың өтемақысы

75-тармақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 19.12.2022 ж. №124 қаулысымен бекітілген "Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры" акционерлік қоғамының Директорлар кеңесі туралы ережеге өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес редакцияда жазылды.

55. Қор Директорлар кеңесінің мүшелері – тәуелсіз директорларға сыйақы төлейді. Қордың Директорлар кеңесінің басқа мүшелеріне Қордың Директорлар кеңесінің міндеттерін атқарғаны үшін сыйақы төленбейді.

56. Қор Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес барлық мүдделі тұлғалар үшін Директорлар кеңесінің мүшелері – тәуелсіз директорлардың сыйақыларының мөлшері туралы мәліметтерді жариялайды. Қордың Жалғыз акционері Қордың жыл сайынғы мәселелерін қараған кезде Директорлар кеңесінің Төрағасы Қордың Жалғыз акционеріне Қордың Директорлар кеңесі мен Басқармасы мүшелеріне арналған сыйақының мөлшері мен құрамы туралы хабарлайды.

57. Сыйақы Акционердің шешімімен айқындалатын мөлшерде төленеді. Директорлар кеңесінің мүшелері – тәуелсіз директорларға сыйақы мен өтемақы төлеудің талаптары, мөлшері және тәртібі Қордың ішкі құжаттарына сәйкес белгіленеді.

58. Қордың Директорлар кеңесі мен комитеттерінің отырыстарында Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директоры қатыспаған жағдайларда сыйақы төлемі Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директорларға сыйақы төлеудің тәртібін реттейтін ішкі құжатпен белгіленеді.

59. Қордың Директорлар кеңесінің мүшелеріне:

1) Қордың Директорлар кеңесінің Төрағасының тапсырмасы бойынша Қордың қызметіне және/немесе оқумен байланысты Қор Басқармасының Төрағасының не оның орнындағы тұлғаның бұйрығымен ресімделген:

тәуелсіз директорлар үшін – Қордың Директорлар кеңесі Төрағасының резолюциясы негізінде;

өкілі болып табылатын Қордың Директорлар кеңесінің мүшесі үшін – Акционердің резолюциясы негізінде қызметтік тапсырманы орындау үшін белгілі бір мерзімге Директорлар кеңесі мүшелерінің жол-жүрістерімен байланысты;

2) Қордың тұрақты орналасқан жері отырысты өткізу орнынан тыс жерде орналасқан жағдайда, Директорлар кеңесінің отырысына қатысу үшін нақты шығыстарды Қор өтейді. Мұндай жағдайда Қордың Директорлар кеңесінің мүшесіне хабарлама жіберіледі..

Нақты келу уақыты тиісті растаушы құжаттармен немесе оның отырысқа қатысу дерегімен (Қордың Директорлар кеңесі отырысының хаттамасының көшірмесі), сондай-ақ, тиісті құжаттармен (жол жүру құжаттары, тұрғын үй жалын төлеуге шот және басқалары) расталады.

Директорлар кеңесінің мүшелері Директорлар кеңесінің отырысына қатысу немесе оқу мақсатында Қазақстан Республикасы шегінде және одан тыс жерге шығу кезінде Қордың ішкі құжаттарымен белгіленген нормалар шегінде, шығыстарды растайтын құжаттарды және берілген есептің негізінде қабылдау, тұсаукесер рәсімін, іскери кездесулерді өткізуге өкілдік шығыстар болуы мүмкін.

60. Қордың Директорлар кеңесінің мүшесі - тәуелсіз директоры ретінде міндеттерді орындаумен және/немесе Қазақстан Республикасының шегінде және одан тыс жерде оқумен байланысты сыйақы мен шығыстар төлемі Қордың Директорлар кеңесінің мүшесі көрсеткен карточкалық (банк) шотына аудару арқылы қолма-қол емес нысанда жасалады.

14-тарау. Қорытынды ережелер

61. Ереже, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтырулар Қор Акционерінің шешімімен бекітіледі.

62. Егер Қазақстан Республикасы заңнамасының, Жарғының немесе Кодекстің өзгеруі нәтижесінде Ереженің жекелеген нормалары оған қайшы болса, Ереженің бұл нормалары күшін жояды және Ережеге тиісті өзгерістерді енгізген сәтке дейін Қазақстан Республикасының заңнамасын, Қордың Жарғысы мен Кодексін басшылыққа алу қажет.

Басқарма төрағасы

Р. Ерденаев

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2016 жылғы «29» ақпандағы
№77 қаулысымен бекітілген
«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры»
акционерлік қоғамының
Директорлар кеңесі туралы ережеге
1-қосымша

«БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесіне

**Күн тәртібіндегі мәселе бойынша
түсінік жазба**
(күн тәртібіндегі мәселенің мазмұны)

Түсінік жазбасында көрсетілуі тиіс мәліметтердің тізбесі:

- бұл мәселе бойынша шешімді қарау және қабылдау қажеттілігіне негіздеме;
- шешімді қабылдаған жағдайда болжалды әлеуметтік-экономикалық және/немесе құқықтық салдары;
- шешімді іске асырумен байланысты болжалды қаржылық шығыстар;
- нақты мақсаттар, күтілетін нәтижелердің мерзімдері және шешімді қабылдаудан болатын болжалды тиімділік;
- ішкі құжаттарды кейіннен қабылданған шешімге сәйкестендіру қажеттілігі;
- өзге мәліметтер.

Лауазымы

(қолы)

А. Teri

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 19.12.2022 ж. №124 қаулысымен бекітілген "Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры" акционерлік қоғамының Директорлар кеңесі туралы ережеге өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес 1-1-қосымшамен толықтырылды-ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2022.12.19. № 124 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2016 жылғы 29 ақпандағы
№77 қаулысымен бекітілген
«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры»
акционерлік қоғамының
Директорлар кеңесі туралы ережеге
1-1-қосымша

«БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің _____ жылға арналған жұмыс жоспары

№	Директорлар кеңесінің отырысы өткізілетін ай	Күн тәртібіндегі мәселелер атауы	Бөлімше атауы, жауапты тұлғаның лауазымы	Өткізу нысаны (жүзбе-жүз отырыс/сырттай дауыс беру)
жылғы I тоқсан				
1.				
2.				
жылғы II тоқсан				
3.				
4.				
жылғы III тоқсан				
5.				
6.				
жылғы IV тоқсан				
7.				
8.				

* Осы жоспарда көзделген мәселелер толық болып табылмайды. Қажет болған жағдайда «БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесі осы жоспарға енгізілмеген мәселелерді қарайды.».

2-қосымшада «Сырттай дауыс берген: Аралас дауыс беру кезінде Директорлар кеңесінің сырттай дауыс берген мүшелерінің (тегі, аты, әкесінің аты) (лауазымы).» деген сөздер Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 22.02.2021 ж. №13 қаулысымен бекітілген Акционерлік зейнетақы қорының директорлар кеңесі туралы Ережеге өзгерістерге сәйкес алып тасталсын.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2016 жылғы «29» ақпандағы
№77 қаулысымен бекітілген
«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры»
акционерлік қоғамының
Директорлар кеңесі туралы ережеге
2-қосымша

Акционерлік қоғамның
толық атауы :

Акционерлік қоғамның
орналасқан жері :

Отырыс өткізілетін
жер :

Отырысты өткізудің
күні мен уақыты : _____ ЖЫЛҒЫ « ____ » _____ : _____

**«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы
Директорлар кеңесі отырысының
хаттамасы**

№ _____

« ____ » _____ ЖЫЛ

Қатысты:

Директорлар кеңесінің төрағасы:

(тегі, аты, әкесінің аты) (лауазымы)

Директорлар кеңесінің мүшелері:

(тегі, аты, әкесінің аты) (лауазымы)

Қор тарапынан шақырылғандар: (шақырылған Қор қызметкерлерінің тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі).

Үшінші тұлғалардан шақырылғандар: (шақырылған тұлғалардың тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі).

Корпоративтік хатшы: (тегі, аты, әкесінің аты).

Сырттай дауыс берген:

~~Аралас дауыс беру кезінде Директорлар кеңесінің сырттай дауыс берген мүшелерінің (тегі, аты, әкесінің аты) (лауазымы).~~

Қатыспаған:

Директорлар кеңесінің отырысына қатыспау себебі көрсетілген тұлғаның (тегі, аты, әкесінің аты) (лауазымы).

Күн тәртібі:

1. (күн тәртібінің мәселесі көрсетіледі).
2. (күн тәртібінің мәселесі көрсетіледі).
3. (күн тәртібінің мәселесі көрсетіледі).

.....

1. Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша (баяндамашының лауазымы және тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі) Ол (баяндамашының күн тәртібіндегі мәселе бойынша сөйлеген сөзі қысқаша баяндалады) атап өтті.

Мәселені талқылауға қатысқандар (мәселені талқылауға қатысқандардың тегі, аты, әкесінің аты және олардың түсініктемелерінің қысқаша мазмұны көрсетіледі).

(Директорлар кеңесі мүшесінің ерекше пікірі)

Күн тәртібіндегі мәселені және ұсынылған материалдарды қарап, (мәселенің шешімі бойынша ұсыныс) ұсынылды.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша Директорлар кеңесінің мүшелері мынадай түрде дауыс берді:

- *иә:* (бір дауыстан дауыс берген жағдайларды қоспағанда, дауыс бергендердің тегі, және аты мен әкесінің аты)

- *қарсы:* (бір дауыстан дауыс берген жағдайларды қоспағанда, дауыс бергендердің тегі, және аты мен әкесінің аты)

- *қалыс қалды:* (бір дауыстан дауыс берген жағдайларды қоспағанда, дауыс бергендердің тегі, және аты мен әкесінің аты)

Директорлар кеңесі мүшелерінің күн тәртібіндегі барлық баяндамаларын, пікірлерін тыңдап (баяндамашылардың лауазымы және/немесе Т.А.Ә) және ұсынылған құжаттарды қарап (бұл мәселенің Қордың Директорлар кеңесінің құзыретіне жататындығын негізге ала отырып Қор Жарғысының ережелері көрсетіледі), Директорлар кеңесі

ШЕШТІ:

1. Бірінші мәселе бойынша:

(шешімнің тұжырымдамасы беріледі).

2. Екінші мәселе бойынша:

(шешімнің тұжырымдамасы беріледі).

3.....

4. Директорлар кеңесінің шешімдері осы хаттамаға қол қойылған сәттен бастап күшіне енеді.

Қосымшалар: (хаттамаға қоса берілген құжаттар)

Директорлар кеңесінің төрағасы _____ (Т.А.Ә.)

Корпоративтік хатшы _____ (Т.А.Ә.)

Қазақстан Республикасы
 Ұлттық Банкі Басқармасының
 2016 жылғы «29» ақпандағы
 №77 қаулысымен бекітілген
 «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры»
 акционерлік қоғамының
 Директорлар кеңесі туралы ережеге
 3-қосымша

*Акционерлік қоғамның
 толық атауы:
 Акционерлік қоғамның
 орналасқан жері:
 Қорытынды шығару
 орны:
 Сырттай дауыс беруді
 өткізудің
 бастамашысы туралы
 мәліметтер:*

**«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы
 Директорлар кеңесінің шешімі**

№ _____

_____ ЖЫЛҒЫ «__» _____

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің сырттай отырысы Қордың Директорлар кеңесінің Төрағасына және барлық мүшелеріне сырттай дауыс беру бюллетендерін және құжаттарын жіберу арқылы сұрау жолымен өткізілді.

Директорлар кеңесінің мүшелерінен белгіленген мерзімде алынған сырттай дауыс беру бюллетендеріне сәйкес дауыс беруге **қатысқандар:**

Директорлар кеңесінің төрағасы:

(тегі, аты, әкесінің аты) (лауазымы)

Директорлар кеңесінің мүшелері:

(тегі, аты, әкесінің аты) (лауазымы)

КҮН ТӘРТІБІ:

1. *(күн тәртібінің мәселесі көрсетіледі).*
2. *(күн тәртібінің мәселесі көрсетіледі).*
3. *(күн тәртібінің мәселесі көрсетіледі).*

Бірінші мәселе бойынша:

(күн тәртібіндегі мәселе бойынша негіздемелер мен түсініктемелер)

Екінші мәселе бойынша:

(күн тәртібіндегі мәселе бойынша негіздемелер мен түсініктемелер)

Қаралатын мәселелер бойынша *(Директорлар кеңесі мүшелерінің ұсыныстары мен ескертпелері).*

2. Белгіленген мерзімде алынған Директорлар кеңесінің Төрағасы мен мүшелерінің сырттай дауыс беру бюллетендері бойынша **қаралып жатқан мәселелер бойынша** дауыс берудің мынадай қорытындылары айқындалды:

(дауыс беруге қойылған мәселе):

- *иә: (бір дауыстан дауыс берген жағдайларды қоспағанда, дауыс бергендердің тегі, және аты мен әкесінің аты)*

- *қарсы: (бір дауыстан дауыс берген жағдайларды қоспағанда, дауыс бергендердің тегі, және аты мен әкесінің аты)*

- *қалыс қалды: (бір дауыстан дауыс берген жағдайларды қоспағанда, дауыс бергендердің тегі, және аты мен әкесінің аты)*

3. Дауыс берудің қорытындылары бойынша Директорлар кеңесі ШЕШТІ:

1. Бірінші мәселе бойынша:

(шешімнің тұжырымдамасы беріледі).

2. Екінші мәселе бойынша:

(шешімнің тұжырымдамасы беріледі).

3.....

4. Директорлар кеңесінің шешімдері осы хаттамаға қол қойылған сәттен бастап күшіне енеді.

Қосымшалар: (хаттамаға қоса берілген құжаттар)

Директорлар кеңесінің төрағасы _____ (Т.А.Ә.)

Корпоративтік хатшы _____ (Т.А.Ә.)

Қазақстан Республикасы
 Ұлттық Банкі Басқармасының
 2016 жылғы «29» ақпандағы
 №77 қаулысымен бекітілген
 «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры»
 акционерлік қоғамының
 Директорлар кеңесі туралы ережеге
 4-қосымша

Директорлар кеңесінің мүшесі (тәуелсіз директор) (аты-жөні)
 «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы
 Директорлар кеңесі мүшесінің сырттай дауыс беру
БЮЛЛЕТЕНІ

Акционерлік қоғамның орналасқан жері: _____
 Дауыс беру қорытындысын шығару орны: _____
 Дауыс беру қорытындысын шығару күні: _____
 Акционерлік қоғамның толық атауы: «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік
 қоғамы
 Сырттай дауыс беруді өткізу бастамашысы туралы мәлімет: _____
 Дауыс беруді өткізу туралы ұсыныс түскен күн: _____
 Бюллетень тапсырудың соңғы күні: _____

1. Директорлар кеңесінің мүшелеріне қарауға берілген мәселе: _____
 Дауыс беруде қойылған сұрақ: _____

* Дауыс беру: таңдалған бағанға қол қою қажет

№	«ИӘ»	«ҚАРСЫ»	«ҚАЛЫС ҚАЛДЫ»
	1*	2*	3*
	қолы	қолы	қолы

2. Директорлар кеңесінің мүшелеріне қарауға берілген мәселе: _____
 Дауыс беруге қойылған сұрақ: _____

* Дауыс беру: таңдалған бағанға қол қою қажет

№	«ИӘ»	«ҚАРСЫ»	«ҚАЛЫС ҚАЛДЫ»
	1*	2*	3*
	қолы	қолы	қолы

Ерекше пікір болған жағдайда, Директорлар кеңесінің мүшесі жазбаша ресімдейді және сырттай дауыс беру бюллетеніне тіркейді.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 19.12.2022 ж. №124 қаулысымен бекітілген "Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры" акционерлік қоғамының Директорлар кеңесі туралы ережеге өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес 5 және 6-қосымшалар алынып тасталды.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2016 жылғы «29» ақпандағы
№77 қаулысымен бекітілген
«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры»
акционерлік қоғамының
Директорлар кеңесі туралы ережеге
5-қосымша

«БЖЗҚ» АҚ жалғыз акционеріне

**«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының
Директорлар кеңесінің 201__ жылғы қызметі туралы есеп**

1. 201__ жыл ішінде (бұдан әрі — есептік кезең) «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесіне (бұдан әрі — Қор, «БЖЗҚ» АҚ) төмендегі тұлғалар кірген:

Лауазымы, ТАО	Кезең	Мәртебесі	Директорлар кеңесінің мүшесін сайлау күні
	__.__.201__-31.12.201__ жж.	Қордың Директорлар кеңесінің төрағасы	

2. Есептік кезең ішінде Директорлар кеңесі құрамына келесі өзгерістер енгізілді:
(барлық өзгерістер көрсетіледі, мысалы, Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігін тоқтату, Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін немесе Директорлар кеңесі құрамын сайлау).

3. Қордың Директорлар кеңесі есептік кезең ішінде _____ отырыс пен сырттай дауыс беру өткізді, оның ішінде:

Жүзбе — жүз отырыс:

- 1) «__» _____ 201__ жылғы №__ хаттама;
- 2) «__» _____ 201__ жылғы №__ хаттама;
- 3) «__» _____ 201__ жылғы №__ хаттама;
- 4) «__» _____ 201__ жылғы №__ хаттама;

сырттай дауыс беру:

- 5) «__» _____ 201__ жылғы №__ шешім;
- 6) «__» _____ 201__ жылғы №__ шешім;
- 7) «__» _____ 201__ жылғы №__ шешім;

8) «__» _____ 201__ жылы №__ шешім.

_____ Директорлар кеңесі мүшелерінің сырттай дауыс беру бюллетендері белгіленген мерзімде берілді.

4. ~~Директорлар кеңесінің мүшелері есептік кезеңде Директорлар кеңесінің отырысына тиісінше қатысты және оның жұмысына белсенді араласты. Атап айтқанда, Директорлар кеңесінің мүшелері олардың отырысына төмендегідей қатысты және сырттай дауыс берді:~~

ТАӨ	Отырыс	Сырттай дауыс беру
	__*/__**	__*/__**
*Директорлар кеңесінің мүшесі қатысқан отырыстың жалпы саны;		
** Директорлар кеңесі мүшесінің қатысуға болатын отырыстарының жалпы саны.		

5. ~~Директорлар кеңесі есептік кезеңде Директорлар кеңесінің құзіретіне кіретін _____ мәселені қарады.~~

~~Қордың Директорлар кеңесі келесі тақырыптағы мәселелерді қарады:~~

Мәселенің тақырыбы	Қаралған мәселелер саны	Отырыстардағы _____ қаралған мәселелер _____ саны _____ (сырттай дауыс беру жолымен)
Стратегиялық жоспарлау		____ отырыста ____ сырттай дауыс берумен
Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау		____ отырыста ____ сырттай дауыс берумен
Корпоративтік басқару		____ отырыста ____ сырттай дауыс берумен
Қаржылық есептілік мәселелері		____ отырыста ____ сырттай дауыс берумен

~~Оның ішінде, Директорлар кеңесі төмендегі негізгі мәселелерді қарады:~~

~~Стратегиялық жоспарлау:~~

- ~~1)~~
- ~~2)~~

~~Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау:~~

- ~~1)~~
- ~~2)~~

Корпоративтік басқару:

- 1)
- 2)

Қаржылық есептілік мәселелері:

- 1)
- 2)

Басқа мәселелер:

- 1)
- 2)

6. Директорлар кеңесі жанында төмендегі комитеттер қызмет етеді:

- 1)
- 2)
- 3)
- 4)

Директорлар кеңесі жанындағы комитеттер торағалары төмендегі Директорлар кеңесінің мүшелері — тәуелсіз директорлар:

(ТАӘ — лауазымы);

(ТАӘ — лауазымы).

Есептік кезеңде Директорлар кеңесі жанындағы комитеттердің _____ отырысы өтті:

— отырыс (Директорлар кеңесі жанындағы комитеттердің нұсқауы):

- жүзбе жүз отырыстың __. __. 201__ ж. № __ хаттамасы
- сырттай отырыстың __. __. 201__ ж. № __ хаттамасы

— отырыс (Директорлар кеңесі жанындағы комитеттердің нұсқауы):

- жүзбе жүз отырыстың __. __. 201__ ж. № __ хаттамасы
- сырттай отырыстың __. __. 201__ ж. № __ хаттамасы

«БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің

торағасы _____

Т.А.Ә.

«БЖЗҚ» АҚ Корпоративтік хатшысы _____

Т.А.Ә.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2016 жылғы «29» ақпандағы
№77 қаулысымен бекітілген
«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры»
акционерлік қоғамының
Директорлар кеңесі туралы ережеге
6-қосымша

Директорлар кеңесі мүшелерінің жұмысын бағалау сауалнамасы

№	Мәселенің мәні	Директорлар кеңесінің мүшесі* [*]		Директорлар кеңесінің мүшесі* [*]	
		Сәтті	Жақсартуды қажет етеді***	Сәтті	Жақсартуды қажет етеді***
1	2	3**	4**	5**	6**
1	Директорлар — кеңесінің — мүшесі Директорлар кеңесі отырысында нық және сындарлы ұстанымды ұстанады				
2	Директорлар — кеңесінің — мүшесі Директорлар — кеңесі — отырысында талқыланатын мәселелер бойынша мұқият ойластырылған және ашық пікірлерін білдіреді				
3	Директорлар — кеңесінің — мүшесі Директорлар кеңесі отырысына күн тәртібіндегі мәселелер бойынша өз пікірін білдіріп, шешім қабылдауда айтулы үлес қосу үшін жақсы дайындықпен келеді				
4	Директорлар кеңесінің мүшесі өзін батыл, белсенді ұстайды және істі аяғына дейін жеткізе біледі				
5	Директорлар — кеңесінің — мүшесі мәліметтер алу үшін Директорлар кеңесінің басқа да мүшелеріне жүгіне алады және олардың пікірлерін тыңдайды				
6	Директорлар — кеңесінің — мүшесі даулардың туындауына жол бермейді және Директорлар кеңесінің басқа да мүшелеріне дауларды тиімді әрі				

	сындарлы шешу тәсілдерін анықтауға ықпал жасайды				
7	Директорлар кеңесі мүшелеріне тәуелсіз директорларға сыйақы берудің қолданыстағы деңгейі				

Ескерту:

** әрбір бағанда Директорлар кеңесі мүшесінің Т.А.Ә. көрсетіледі.*

Сауалнаманы толтыру тәртібі:

*** «Сәтті» немесе «жақсартуды қажет етеді» бағанына өз қолымен қанат белгі (✓) қою қажет*

**** «жақсартуды қажет етеді» бағанын таңдаған жағдайда аталған мәселе бойынша түсіндірмелер мен ұсынымдарын көрсету қажет.*

«БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі _____ (аты-жөні)